

САҒЫР КАМАЛОВТЫҢ «ЕР ТАРҒЫН» ЛИБРЕТТОСЫ – ПАТРИОТТЫҚ ПЕН ОТАНСУЙГІШТІКТІҢ ҮЛГІСІ

Сағыр Камалов – өдебиетімізге өз үлесін косқан жазушы-драмматург. Оның «Ер Тарғын» либреттосы 1937 жылы жарық көрді. Либреттода «Ер Тарғын» дастанының ұзын ырғасы сақталса да, автор оған бір қатар өзгерістер енгізіп, көп мәселені өзінше шешкен.

Либреттода жазушы бір-біріне қайшы екі күштің тартысын көрсетеді. Олардың бірі – ұstemдік етуші хан және оның айналасындағы қара күштер, екіншісі – жауынгершілік кездерде бүкіл ел корғаны болған батыр.

Либреттода Тарғынның жауыздықты бетке айтамын, әділдік іздеймін деп көп жылдар күнін, сүргінде болғандығы көрінеді. Хан мен білер көпшілікке ықпал жасап, Тарғынды талай рет жалғыз қалдырып, өз елінде барап жер, басар тауын қоймай, ақыры оны елден кетуге мәжбүр етеді. Әйтсе де ол Ноғайлы хандықтарына айнала береді. Мұның негізгі себебі не? Бізше батырларға тән патриоттық. Тарғын хандармен жауласса да, елмен жауласпайды. Поэмасында Ақшахан «...сен кешегі камалды бұзған, жауды қырған қайратынды тынышынды алған жұрттына көрсетпедің бе» дегенде, Тарғын: «тек, өз жұрттының жылатуды шариғат қоспайды», – деп жауап береді.

Пьесада Тарғынның ерлігі, өжеттігі, досына мейірбандылығы жауына қаталдығы, бірінші орынға қойылады. Оның іс-амалдары да, монолог, диалогтары да мінезіне сай.

Хан мен билерден қаншама құғын көрсе де, Тарғын халыктан қол үзбейді. Сондықтан Ноғайлының қай еліне барса да, халық оны құшағын

жайып карсы алады. Ақшахан елінің де «найза ұстарлық» ерлері Тарғынға төс ашып дос, сыр ашып жолдас болады. Оның үстіне Торғауыттардың ызасы өтіп, кегін қайтара алмай жүрген елге Тарғынның камал бұзып, женіспен қайтуы, батырдың беделін бұрынғыдан да бетер өсіре түседі.

Қандай батыр жауынгер? Даңқы келген алыстан. Қарсылаймыз келе бер От жалынды арыстан. Жылаған ел жұбанған, Тойлап шықты алдына. Керегінше ала бер Казынаны, малды да... Сендей батыр бағымыз, Шылбырына оралдық. Шалықтасын шағыңыз, Кожак сенен құрбандық.

Қандай пьеса болсын, хор халық атынан сөйлейді. Бас қаһарманды көпшіліктің жек көру, жақсы көруін, олардың ой-сезімдерін драматургтер әрдайым хор арқылы береді. Бұл үзіндіден халықтың Тарғынға қалай қарайтыны, оның себебін айтпай-ақ түсінікті десек, сол халықтың жуан ортасынан шыққан Сақан мен Балпандардың ерлік істері мен Тарғынға көзқарас, әр алуан қарым-қатынастарынан да көп жайттарды бай-қауға болады. Ақжұніс өлімнен құтқарамын, Қажен мырзаға ти деп шарт қойғанда оған Тана:

Ер Тарғын адамзаттық данасы ғой, Халықтың қамын ойлар баласы ғой. Әділдік, шындық іздеп алтын тактан, Қайда барса, сол үшін таласы ғой. Қайрат пен терең ақыл, өткір сезім, Сыйғызбай сан хандарға салғызды той... деп жауап қайырады.

Сөйтіп екінші саптағы қаһармандардың іс-амалдарын, ой-пікірлері мен наным-сенімдерін айқындастырын монолог, диалогтер бәрі де Тарғын образын толықтыра түседі.

Жалпы батырларға тән сенгіштік, аққөніл, аңғалдық Тарғында да жоқ емес. Автордың оны солай көрсетуі заңды. Ақжүністің мінезін жақсы білетін Сақан мен Балпандар талай рет ескертсе де, сенгіш батыр Ақжүністің сиқырлы ісі мен жалған сөздеріне нанып қалады, сүйтген жары Тана өзін тастап, еліне қашып кетті деген оймен, оған іштей өкпелеп, Ақжүністі алып қашып үйленеді. Батыр мықтап алданғанын кейін бірақ біледі. Әйтсе де Тарғын алған бетінен кайтпайды. Жары аяр болып, жау айнала коршап тұрса да, батыр ежелгі дұшпаны – хандармен құрсесін тоқтатпауға аnt етеді.

Әйтсе де ол – өз заманында өділдік іздеушілердің бірі. Тарғын зұлым хандарға қарсы құрессүші мықты тұлға болумен бірге, өділдікті іздең қазір болмаса да келешекте болады деген арманына мықтап сенген адам. Тарғын образының әлеуметтік, тәрбиелік мәні де осында.

Сағыр Камалов пьесасының прологында Тарғын хан мен билердің зорлық-зомбылықтары арқасына аяздай батқан адам екендігін айта келіп, солардың өкілі ретінде Ақшахан, Жаңқа, Қазы, Қапан, жырау тағы басқаларды алады. Өзара салыстырғанда олардың іс-әрекет, мінез-құлықтарында өзгешеліктер жоқ емес. Бірақ, олардың бәріне тән бір касиет – екіжүзділік. Олар өз мұддесін корғау керек болған жерде Тарғын сықылды батырларды «құшақ жая қарсы алады», өздерінің тілектеріне жеткен күні сыртқа теуіп, өлімге бұйыруға да беттері шімірікпейді. Қай кезде, қай елде болсын үстемдік етуші хан, феодалдардың енбекші халыққа, оның жоқшысы болған ер-азаматтарына жасайтын сұрқиялық іс-әрекеттерінің бір алуаны осылай болып келетіні – өмір шындығы десек, С. Камалов «Тарғын» пьесасында бұл өмір шындығын әрі шебер, әрі дәл етіп көрсете білген. Жаңқа, Қазы, жыраулардың сөздері мен істері әрдайым бір жерден шығып, бірінің іс-әрекет, амал айлаларын екіншісі толықтырып отырады.

Солардың ішінде аярлықтың айқын бейнесі етіліп суреттелетіні Ақжүніс. «Ұяда не көрсен, ұшканда соны аларсын» дегендей, Жаңқа тәрізді ананың тәрбиесін көрген Ақжүніс көрсексызар, өзімшіл, ішітар, сондай-ак мейлінше қатыгез, айлакер, жас басынан жалған айтуға үйренген, екіжүзді зымиян әйелдердің типі.

Пьесадағы Ақжүніс поэмадағы Ақжүністен мұлде басқа. Бұл жайт сыншы-әдебиетшілердің арасында күні бүгінге дейін әртурлі пікір туғызып

келеді. Біреулер: Ақжүністі ұнамсыз образ етіп көрсету теріс, ол ұнамды, сондықтан пьесада да солай көрсетілуі керек деген пікірді айтса, екіншілері: жоқ, бұл поэмадағы Ақжүніс емес, автор поэмадан тек оның атын ғана алған да, хан қыздарына қандай мінез тән болуы керек деген түрғыдан ойланған келіп, өскен ортасы, алған тәрбиесіне сәйкес, Ақжүністі өз ортасына лайықты ұнамсыз образ етіп шығаруды мақсат еткен, өзі ойлаған планда Ақжүністі солай көрсету дұрыс деген пікірді қолдайды.

Бұл пікірлердің екеуінің де дұрыс жақтары бар. Ескі тақырыпты жаңаша менгеремін деген авторлардың ауыз әдебиетіндегі ұнамды образ ретінде жырланып келген қаһармандарды сол қалпында калдырып, оның кейір жақтарын толықтыруы, мінез-құлық, іс-әрекеттерін тереңдете түсу планында суреттейі де, кейде ол образдардың кейбіреулерін, керісінше, ұнамсыз образ дәрежесінде бейнелеуі де мүмкін.

С. Камалов Тарғын туралы алдыңғы принципті қолданса, Ақжүніс туралы сонғы принципті дұрыс деп тапқан.

Сонымен қатар сол поэмалардағыдай хан-феодалдардың әйел, қыздарының бәріне бірдей қырағылық, отаншылдық, махаббатқа беріктік тән десек, қателескендік болар еді. Қанаушылық, қаныпезер, қатігездік, екіжүзділік көрген үлгісі, алған өнегесі болған хан қыздарының көпшілігіне «Ер Тарғын» поэмасындағы емес, пьесасындағы Ақжүніс аталатын қыздың типі дәл келетіндігі даусыз. Ал оның атын «Ақжүніс» деп, не Қанікей, не Тінікей деп атау автордың айтайын деген негізгі ой-пікіріне, шығарманың идеялық мазмұнына нұқсан келтірмейді.

Пьесадағы Ақжүніс образына осы түрғыдан келсек, авторды мақтамасақ, даттауға болмайды. Әйткені Ақжүніс ортасына тән образ болып шыққан. Аярлық, өзімшілдік, екіжүзділік, қатігездік, опасыз-тұрақсыздықтары жағынан шешесі Жаңқа мен Қазы билерден оның мойны әлде қайда озық жатыр.

«Ер Тарғын» пьесасында Ақжүніс образы әр жағынан алынып суреттелінеді. Алғашқы перделерде ол «жігітті жұрт мақтаған қызы жақтаған» деп Абай айтқандай, жалпы қыздардың жастық шағына тән бір мінезін көрсетіп, Тарғынға данқын естіп ғана күмартса, тұтқын қызы Танаға еркі берілсе, Ер Тарғынды таңдауы мүмкін екендігін, Сақан, Балпан тәрізді батырдың серіктері де тұтқын қызыға «Тарғынды қала» деп кенес беру-

шіліктерін сезгеннен кейін, Ақжұністің батырға деген құмарлық, ынтызарлығы бұрынғыдан да арта түседі.

Жасынан айтқанын істетіп, дегенін жасатып, қағусыз өскен өзімшіл ханша, жолында бөгет кездескен сайын өрши түседі. Ақжұністің Тарғынға шығуына хан мен ханым, Қазы мен Қожақ, Тарғынның серік батырлары – бәрі қарсы. Эйтсе де Ақжұніс өз дегенін қалайда орындауға бел буады. Ол өз максатына кім бөгет болса да қан төгіп, жан алудан да тайынбайды.

Тарғын екеуінің арасындағы қарым-қатынастардан да Ақжұністің мінездері бұрынғыдан көрі айқындала түседі. Ақжұністің тек өзін, өзімшілдік арман-мұддесін ғана сүйетіндігі, Тарғынға деген жылылықтың жүргегінде емес, сөзінде екендігі, хан қызының мінезіне тән бір ерекшелік кейінгі актылардан көрінеді.

Аз мезгілдің өзінде-ақ ол Тарғынды жақсы танып, оның ерлігін де, адамшылық қасиетін де, хан, билердің ортасында жалғыздығын да үғынады. Оны өзінің өмірлік серігім деп шын беріле сүйеді.

Автор хан қызы Ақжұніс пен одан өлдө қайда сұлу халықтан шыққан Тананы карама-қарсы қою арқылы адалдық та, сертіне беріктік те, адамгершілік те халықта деген идеяны мегзейді. Бұл реттегі айрықша мәні бар кейіпкер Ақжелен. Ол пьесада өзінің қайшылығымен көрінеді. Ол Ақжұністің алдауымен Танаға опасыздық та жасайды. Бірақ Ақжелен де халықтан шыққан қыз. Сондықтан ол өзінің адамдық арын ластап алғанын кейін түсінеді де, Тананы тұтқындықтан босату жолында Ақжұністің қолынан қаза та-

бады. Ақжелен өқиғасымен байланысты автор пьесаның халықтық идеясын толықтыра түседі.

Қорыта айтқанда, Ақжұніс образын автор өзінше шешкен. С. Камалов поэмадағы батырды сүйетін сұлу қыздың ролін қалмақ қызы Танаға береді. Тана сұлулығының үстіне ақылды, алдыартын жақсы түсінетін, сертіне мығым, махаббатка берік әйел бейнесінде көрсетіледі. Тұрмыс толқыны айдақ кеп оны Тарғынға қосады.

«Ер Тарғын» операсының либреттосы қазақтың опералық өнеріне өз кезінде авторлардың косқан үлесі болды (музыкасын жазған Е. Г. Брушниковский). «Ер Тарғын» либреттосы 1937 жылы жеке кітап боп басылды.

Сағыр Камалов аз-ақ өмір сүрді. Әдебиет майданында құйрықты жүлдыштай көрінді де, ғайып болды. Бірақ оның кейінгі үрпаққа қалдырып кеткен құнды мұрасы бар. Соның күрделісі «Ер Тарғын» операсының либреттосы мен басқа әңгіме, пьесалары. Жазушы-драматург С. Камалов шығармашылығын зерттеуге айрықша қөnlін аударуымыз тиіс. Оларды жинап бастыру, зерттеу – келешектің міндеті.

ӘДЕБІЕТ

1. Камалов С. Эңгімелер мен пьесалар. Құрастырган және кіріспе макалаларын жазған К. Жұмалиев. Алматы: Қазқөркемәдеббас, 1960 . 205 б.
2. Әуезов М. 20-томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1985. 365 б.
3. Қазак әдебиетінің кейбір мәселелері. Құрастырган К. Жармағамбетов. Алматы, 1957.
4. С. Камалов және оның шығармалары // Жұлдыз. 1960. №8. 133-139 б.
5. Жазықсыз жазаланғандар // Ел мәдениеті. 2007. 15 мамыр. №9. 8-9 б.